

Шетелдік инвестицияларды тарту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1992 жылғы 21 қазандағы N 313-ө
Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4
мамырдағы N 406 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406
Қаулысымен.*

Нашар зерттелген аумақтардың, аса тереңде жатқан қабаттардың
мұнайлылығы мен газдылығының келешегін бағамдауды жеделдету және
республиканың мұнай-газ әлеуетін шетелдік озық техника мен технологияны
қатыстыра отырып игеру үшін шетелдік инвестицияларды тарту мақсатында:

1. Мына учаскелерге:

Батыс Қазақстан облысында:

Көлемі 2795 шаршы шақырым Каменка учаскесіне

Көлемі 5840 шаршы шақырым Шынар учаскесіне

Ақтөбе облысында:

Көлемі 12190 шаршы шақырым Байғанин учаскесіне конкурс жариялансын.

2. Қазақстанның нашар зерттелген орталық аудандарында /Торғай ойпаты
мен Теңіз ойпатының терістік бөлігі/ шетелдік инвестицияларды қатыстырып
алдын ала жүргізілетін геофизикалық жұмыстар жүзеге асырылып, кейін бұл
аумақтарда аталған жұмыстарды қаржыландыруға қатысқан фирмалар арасында
к о н к у р с ө т к і з і л с і н .

3. Ашық конкурс өткізу және геологиялық барлау жұмыстары жөніндегі
әріптесті таңдап алып, кейін анықталған мұнай-газ кен орындарын өнімді бөлу
шарттары /продакшен шеринг/ негізінде игеру жөніндегі Ұйымдастыру комитеті
/қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с / құрылсын.

4. Ұйымдастыру комитетіне конкурсты өткізу кезінде пайда болатын барлық
мәселелер бойынша шешім қабылдау хұқы және материалдармен жұмыс істеуге
республикалық министрліктерден, ведомстволар мен ұйымдардан мамандар,
сондай-ақ шет ел фирмаларынан сарапшылар мен консультанттар қатыстыру
жөніндегі өкілеттік берілсін.

5. Ұйымдастыру комитетіне:

- 1992 жылғы I қарашаға дейінгі мерзімде конкурстық ұсыныстардың
шарттарын әзірлеп, оларда геологиялық барлау жұмыстарын тиімді жүргізу, кен
орындарын жайғастыру, аймақтық инфрақұрылымын дамыту, айналадағы

ортаны қорғау жөніндегі талаптарды көздеу;

- аталған аумақтарда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, мұнай мен газ өндіру үшін шетелдік фирмаларды таңдап алу жөнінде конкурс жариялау және конкурс шарттарын ықтимал әріптестерге жіберу;

- шетелдік инвестицияларды қатыстырып алдын ала жүргізілетін геофизикалық жұмыстарды жүзеге асыру үшін орталық Қазақстанның нашар зерттелген аумақтарына /Торғай ойпаты мен Теңіз ойпатының терістік бөлігі/ шет елдің мұнай фирмаларының ынтасын анықтау;

- мұнай фирмаларын конкурсқа кеңінен қатыстыру үшін үстіміздегі жылғы желтоқсан айында Хьюстон мен Лондонда аталған учаскелер жөніндегі геологиялық-геофизикалық материалдарды таныстыру;

- конкурстың аяқталу мерзімі 1993 жылдың 1 мамыры деп белгілеу, алынған ұсыныстардың зерделенуін 1993 жылдың 1 шілдесінде аяқтау және конкурс нәтижесін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына табыс ету ;

- геологиялық-геофизикалық материалдар пакетінің мүдделі фирмаларға сатылуын қамтамасыз ету тапсырылсын.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1992 жылғы 21 қазандағы
N 313 өкіміне

Қосымша

**Конкурсты өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
Құрамы**

Бәйкенов Қ. Қ.

- Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары

/төраға/

Қуандықов Б. М.

- Қазақстан Республикасының Геология
және жер қойнауын қорғау министрінің
орынбасары /төрағаның орынбасары/

Жандосов О. Ә.

- Шетелдік инвестициялар жөніндегі
ұлттық агенттік төрағасының бірінші
орынбасары /төрағаның орынбасары/

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері

Аймақов Б. Ж.

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
бас салық инспекциясының бірлескен

- кәсіпорындарға, шетелдік заңды
ұйымдар мен жеке адамдарға салық
салу басқармасының бастығы
- Балжанов А. К. - "Қазақстанмұнайгаз" ұлттық мұнай
компаниясының вице-президенті
- Баспаев І. Б. - Қазақстан Республикасының Президенті
мен Министрлер Кабинеті Аппараты
Өнеркәсіп бөлімінің аға референті-
байланыс жөніндегі үйлестіруші
- Бөлекбаев З. Е. - "Ақтөбемұнайгазгеология"
өндірістік-геология бірлестігінің
бас геологы
- Қарабалин Ұ. С. - Қазақстан Республикасының Энергетика
және отын министрлігі басқармасының
бастығы
- Маючий А. Ф. - Батыс Қазақстан облысы әкімінің
орынбасары
- Москаленко Б. Н. - "Оралмұнайгазгеология" өндірістік-
геология бірлестігінің бас директоры
- Сарбөпин Қ. Е. - Қазақстан Республикасының Сыртқы
экономикалық байланыстар министрінің
орынбасары
- Сүлейменов М. К. - Қазақстан Республикасының Ғылым
академиясы Мемлекет және хұқ
институтының директоры
- Тампаев Я. Т. - Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары